



Обратная связь
 KZ +7 (7172) 553 545 astananews@khabar.kz
 RU Поиск по сайту...

	USD/KZT	187.65
	EUR/KZT	205.1
	РUB/KZT	2.92



14°C
 Астана
 Другие города

Новости | Телепроекты | Кино | Программа | **Агентство** | Архив | 1 день с «Хабаром»

ПОЛИТИКА | ЭКОНОМИКА | ОБЩЕСТВО | В МИРЕ | КУЛЬТУРА | СПОРТ | ЧП | КРИМИНАЛ

Институциональные реформы способствуют реализации принципов Конституции РК

Агентство



Государственные закупки (0)

Агентство

О нас

Руководство

«Хабар»

«24kz»

«Kazakh TV»

«Білім және Мәдениет»

Государственные закупки

Актуально

Лица канала

Наши проекты

Для рекламодателей

Программа для СМИ

Вакансии

Партнеры

Пресса о нас

«Хабар» в регионах

«Хабар» в мире

Наши проекты



«Көзқарас»



Моя история войны



«Магия Кухни»



«Қызық Times»

WWW.24.KZ

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
 ҚҰРАЛДАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ**
 Хасан Жәнібек

Мазмұны

Кіріспе	3
Медиа нарық құрылымы	4
Саяси сараптама және мемлекеттік құжаттарға шолу	Ошибка! Закладка не определена.
Мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру	Ошибка! Закладка не определена.
Қорытынды	Ошибка! Закладка не определена.
Ұсынымдар	20

Введение Кіріспе

Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдарын мемлекеттік қаржыландыру мәдениет және ақпарат Министрлігінің ақпарат кеңістігін құрудағы мақсатты қолдауынан бастау алады. 2014 жылы Үкіметтің қайта қарауымен бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау қатынасын жүргізу жұмысы, Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетіне өтті.

«Ақпараттық Қазақстан 2020» Мемлекеттік бағдарламасының жасалуына қарамастан, Бағдарламаны іске асырудың бекітілген уақыты және басталған кезеңінен бастап өкілетті орындаушы мекеменің қызметі елеулі өзгеріске ұшыраған жоқ.

Мемлекеттің ақпараттық кеңістікті қалыптастыру саласындағы саясаты мемлекеттік емес ұйымдар мен кәсіби қауымдастықтар тарапынан сынға ұшырап жатады. Сын ақпараттық кеңістікті қолдауға берілген мемлекеттік бюджетті қолданудағы нақты нәтижелердің, сонымен қатар осы нәтижелердің өлшемдерінің жоқтығына қатысты айтылады. Мұнымен қоса нақты қаржыландырылатын шаралар және Бағдарламалардың мақсатты индикаторларының арасындағы өзара байланыс жеткіліксіз. Мемлекеттік тендерлерді өткізу және тапсырысты бейінсіз, көбінесе құрылыс және сауда мәселесінде маманданушы компаниялардың алу барысында айқындықтың болмауы мәселесі бар. Әр жыл сайынғы негіздегі бағдарламаларды іске асыру қорытындысы туралы ақпараттар жеткіліксіз.

Сын ескерпелер тізіміне сонымен қоса қаржыландыру сипатындағы мәселе де кіреді. Басқаша айтар болсақ, мемлекеттік саясат мақсаты қоғам үшін пайдалы болуы, ал үкімет ақпаратты тарату мен қолжетімділігін неғұрлым үздік жолмен кепілдендіретін платформалар және форматтар, БАҚ-ты қолдануға міндетті. Қазіргі сәтте мемлекеттік органдар қызметтерінің пиарына салық төлеушілер қаржысынан олардың шоты арқылы жүргізілу жағдайына келіп тұр. Сонымен қатар, тікелей қолдау, көбінесе, кей тұстарда кемсітпелі сипатта болып жатады. Қайбір мемлекеттік және басшылық органдарға БАҚ жылы көзқарас танытса, мемлекеттік қолдауды алмайтындар жанама цензураны салыстырумен ғана қалады.

Бұл зерттеудің мақсаты Қазақстандағы БАҚ-ты мемлекеттік қаржыландыру саласының ағымдағы жағдайын зерделеп, «Ақпараттық Қазақстан-2020» Мемлекеттік бағдарламасын қоса алғанда, мемлекеттік органдардың тиісті стратегиялық бағдарламалары мен бюджет шығысын бесжылдық мерзімге бағалау; алынған мәліметтерді белгіленген мақсатты индикаторлармен салыстыру. Мұнымен қоса, зерттеудің міндетінің бірі коррупциялық тәуекелдік тұсын анықтап және ұсынымдар тізбесін ары қарайғы талқылауға медиалық қоғамдастық, мемлекеттік органдар мен басқа да мүдделі тұлғалар, мамандар құзырына беру.


Зерттеу Сорос-Казakhstan Қорының «БАҚ-ты қолдау» бағдарламасының қолдауымен, БАҚ-ғы мемлекеттік ақпараттық саясатты өткізу мониторингі бойынша «Құқықтық медиа-орталық» Қоғамдық қорының жобасы шеңберінде орындалады.

Зерттеу мазмұнына әр түрлі мүдделі жақтар үшін нақты ұсыныстар мен қорытындылар, мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру, медиа-нарық құрылымы, сектордағы саясат талдауы және мемлекеттік құжаттарға шолу сынды бағдарлар кіреді.

Медиа-нарық құрылымы

Мемлекеттік «Ақпараттық Қазақстан 2020» бағдарламасы жүзеге асырылған уақыт ішінде тіркелген БАҚ сандарының жағдайы баспалық (газеттер және журналдар) БАҚ қысқарып және электронды (телеарналар, радиостанциялар мен ақпараттық агенттіктер) БАҚ ұлғаю жағына қарай өзгерді. Осындай баспа басылымы электрондық форматқа өтіп және интернеттегі берілімін кеңейту үдерісі жалпы әлемдік трендке сәйкес келеді.

Әр түрлі БАҚ категорияларының саны, 2012 және 2014 ж



1 Кесте.

Дереккөз: «Құқықтық медиа-орталық» ҚҚ зерттеуінен

БАҚ-ты әр түрлі категориялармен бөлу келесі шеңбер диаграммасымен көрсетіледі. БАҚ-тың басты көлемі бұрынғыдай баспалық БАҚ-қа тиесілісі - 86% (газеттер 62% және журналдар – 24%), телеарналар және кабельді ТД операторлары радиостанциялар мен ақпараттық агенттіктерге 4%-дан және 3%-дан келеді. Тіркелген БАҚ-қа берілген баспалық сандағы деңгейге қарамастан, телеарналар ықпалын асыра бағалау қиын.


Кесте 2.

Дереккөз: «Құқықтық медиа-орталық» ҚҚ зерттеуінен

Мемлекеттік құзырлы органдар бұқаралық ақпарат құралдарының 2012 жылғы 1 қыркүйегі бойынша жағдайына келесі статистиканы келтіреді. Республика бойынша 2 752 БАҚ бар, олардың: 439 (16 %) - мемлекеттік, 2 313 (84 %) - мемлекеттік емес. БАҚ-тың жалпы санынан: газеттер - 1 664, журналдар- 837, электрондық БАҚ - 238 (51 телекомпаниялар, 48 радиокомпаниялар, 133 кабельді телевизия операторлары және 6 — спутниктік хабар тарату), 13-ақпараттық агенттіктер. Өткен үш жылда мемлекеттік БАҚ үлесі 16%-дан 26%-ға дейін өсті, бұл мемлекеттік органдардың ақпараттар кеңістігіне неғұрлым мол ықпал еткісі келетіндіктерін білдіреді. Қазақстанда 2015 жылы 1 364 газеттер және 522 журналдар тіркелді, олардың 76 % мемлекеттік емес. Өкілетті оранның сайтында жаңадан ашылған жеке меншік БАҚ-тың есебінен соңғы жылдары газет сандары үнемі өсу үстінде делінген. Бұл ақпарат ағымдағы жағдайға сәйкес келмейді. Сонымен, еліміздің ақпарат кеңістігінің басым бөлігі мемлекеттік емес басылымдарға - 67% (342 журналдар) тиесілі, ал мемлекеттік басылымдарға тиесілісі - 33% (172).ғц құрайды.

Төменде келтірілген кесте басқару бойынша өкілетті органы Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті болып табылатын, негізгі мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарын көрсетеді. Мемлекеттік БАҚ «Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу» бюджеттік 031 бабы бойынша қаржылық қордың негізгі бөлігін алады.

1 Кесте. Мемлекеттік БАҚ



Дереккөз: ҚР ИДМ Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің ресми сайтынан

Жалпы алғанда соңғы жылдарда БАҚ дамуы айналасында мемлекеттік емес БАҚ-дың қушырылып және ақпараттарды тарату электронды форматқа ауысу үрдісі бар.

Мемлекеттік құжаттар шолуы және саясат талдауы

Тиісті мемлекеттік басқарым қағидаттары жалпы мемлекеттік және секторлық бағдарламалар дамуын тиімді жүзеге асыруды білдіреді. Қазақстандағы мұндай ұзақ мерзімді бағдарлама «Қазақстан – 2050» және оның негізінде толығырақ жасалған «Қазақстан – 2020» даму жоспары болып табылады. Мемлекеттік бағдарламаны қолдауда білім, денсаулық салаларындағы секторлық және салалық, сонымен қоса ақпараттық кеңістік секторындағы біздің қызығушылығымыздағы бағдарламалар қабылданады. «Ақпараттық Қазақстан – 2020» Мемлекеттік бағдарламасы және оны жүзеге асыру жоспары бұқаралық ақпарат құралдарын қаржыландыру және дамыту, қолдау саласындағы саясатты көрсететін негізгі құжаттар болып табылады. Бағдарлама 2013 жылдың қаңтар айында ҚР Президенті Жарлығымен бекітіліп, 2013-2017 жж. және 2018-2020 жылдарға екі кезеңге бөліп жүзеге асыруға белгіленді. Кейінірек, бір айдан соң бірінші кезеңдегі Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру бойынша іс-шара жоспары бекітіледі. Бағдарламаны орындаушы ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (БААК) болып табылады.

2 Кесте. Мемлекеттік құжаттар және іске асыру шаралары



Сонымен қатар, жоспарлық менеджменттегі мемлекеттік және ұлттық деңгейдегі бағдарламалар мақсаты тиісті секторлық және салалық бағдарламалармен қуатталуы қажет, ал олар өз есебінде, бюджеттік бағдарламалар және өткізілетін тендерлік сатып алымдар мен шаралар Жоспарларында, Стратегиялық жоспарларда, Мақсатты сапалық және сандық индикаторларда көрініс табулары қажет. Осы тізбектің бәрінің арасындағы бөлінбейтін байланыс анық әрі өкілетті мемлекеттік органдармен жүзеге асырылуы тиіс. Осыған байланысты, Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетіне тағы осы индикаторлар жетістігі жолы және шаралар жоспары мен Мемлекеттік бағдарламалардың мақсатты индикаторларына көңіл аударуы қажет.

Бағдарламаның мақсаты Бағдарламаға кіретін төрт міндетпен қолдау көрсетілетін, «Ақпараттық қоғамға өту үшін жағдай жасау» міндетімен бекітілді: 1) мемлекеттік басқарым жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету, 2) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қол жетімділігін қамтамасыз ету, 3) қоғамның мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін ақпараттық ортаны құру, 4) отандық ақпараттық кеңістікті дамыту. Аталмыш сараптамалық құжат мүддесі аясына ақпараттық кеңістікті дамыту және отандық БАҚ-ты қолдауға қатысты Бағдарламаның төртінші міндеті кіреді.

Бағдарламаның 13 мақсатты индикаторлары тізбегінде төртінші талаппен тікелей байланыстысы жоқ, дегенмен индикаторларға жанама байланысты дегендерге біз келесілерді жатқыздық:

- ҚР үй шаруашылығындағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қол жетімділігі–100%;
- 2020 жылға интернет желілерін қолданушылар саны – 75%;
- Қазақстан халқының сандық телерадиохабар тарату эфирімен қамту – 95%;
- Қазақстанда тіркелген БАҚ-тардың жалпы санына электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) үлесі – 100%.

Біз анықтаған индикаторлардың соңғысы отандық ақпараттық кеңістікті дамыту тақырыбына барынша жақын келеді, ал қалғандары интернет-кеңістікке бұрады. Ақпараттық технологиялардың келешектегі

даму бағытын қарастыра отырып айтар болсақ, келесі бесжылдықта шынымен де көптеген БАҚ интернетте, әлеуметтік желілер мен өзге де кеңістіктерде ашық қолжетімділікте болатынын байқаймыз.

Өз кезегінде «Отандық ақпараттық кеңістікті дамыту» талабына, мемлекет қызметін ақпараттық сүйемелдеу және отандық ақпараттық контент өнімін ынталандыру, отандық БАҚ-ты жетілдіру, мәдениет саласындағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту сынды бағыттар кіреді.

Бірінші «**Отандық БАҚ-ты жетілдіру**» бағыты - отандық БАҚ жұмысының сапасын жоғарылату мақсатын негізгі етіп алады; екінші «**Отандық ақпараттық контент өнімін ынталандыру**» бағытына - отандық ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету кіреді; және үшінші «**Мемлекеттің қызметін ақпараттық сүйемелдеу**» бағыты – мемлекет қызметін алға жылжыту және жариялау бойынша мемлекеттік органдардың жауапкершілігі мен үйлестіру жүйесін жетілдіру болып табылады.

Бірінші «**Отандық БАҚ-ты жетілдіру**» бағытына келесілер кіреді:

- отандық БАҚ-ты техникалық жаңарту (эфирлік сандық телевизияны өндіру, өндірістік инфрақұрылымды дамыту, заманауи технологияларды және телевизиялық бағдарламалардың таспасыз өнімдерін қолдану, сандық мұрағатты жасау, медилық инфрақұрылымды дамыту);
- отандық БАҚ-тың таралу географиясын кеңейту (спутниктік хабар тарату желісін дамыту, электрондық БАҚ пен спутниктік операторлардың өзара байланысын кеңейту, мемлекеттік және баспалық БАҚ-тың Интернет желісінде онлайн қатысуы, мемлекеттік емес ұлттық БАҚ-тың желіге шығуына жағдай туғызу);
- қазақстандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату (бір мемлекеттік арнаны эксклюзивті материалдар жеткізушісі ретінде жайғастыру, HD форматын дамыту, заманауи баспалық технологияларды дамыту, шетелдік тілшілер қосынын дамыту, интернет-редакциясын белсендіру үшін мем-БАҚ штаттық кестесі мен құрылымын қайта қарау, мем-БАҚ интернет-ресурстары жұмысының концепциясын қайта қарау);
- дайын медиа-өнімдерді жылжыту (ерекше әрі қызықты контентті анонстау, интернет желілерінде жылжыту, мем-БАҚ –ты жан-жақты жылжыту технологиясын қолдану);
- мемлекеттік саясат саласындағы қызметкерлердің біліктілігін көтеру (инженерлік-техникалық және басқа да медиа-нарық мамандарын оқыту және медиа қауымдастықтары өкілдерінің ұлттық және халықаралық шараларға қатысуы);
- Қазақстан туралы ақпаратты жылжыту және беделін нығайту (мәдени-ағартушылық арналарға көрші елдер және стратегиялық әріптестердің қол жетімділігін қамтамасыз ету).

Аталмыш бөлім бойынша мониторингі жүзеге асыру тұрғындардың басым көпшілігіне сауалнама жүргізу арқылы және мезгілімен өлшем жасай отырып жүргізіледі. Мем-БАҚ басшыларымен келесім нәтиже жетістігінің нақты индикаторын қарастыруы қажет. Заңнаманы жетілдіру үдерісі қажеттілігіне қарай жүзеге асырылатын болады.

Екінші «**Отандық ақпараттық контент өнімін ынталандыру**» бағыты келесі жетістік жолдарын қарастырады:

отандық ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату (БАҚ саласындағы заңнаманы жетілдіру, интернетте ақпаратты орналастыруға мемлекеттік органдарды ынталандыру, телебағдарламалар өндірісінің аутсорсингі, интернет-ресурстары иегерлерінің шығындарын төмендету, фидьмдер мен сериалдар өндірісі, жеке меншік контент өндірушілеріне жалға беру, балаларды қорғау механизмі);

- білікті мамандарды дамыту (шетел мамандарын жұмысқа тарту және студенттерді оқыту, студенттермен алмасу);
- шығармашылық авторлар мен студияларды жылжыту (халықаралық байқауларға қатысу, қоғамдық бастамаларға қолдау, азаматтық журналистиканы дамыту).

Айтылған бағыттағы мониторинг медиа-өнімдер рейтингін бағалау және саланың объективтік динамикалық көрсеткіштерінің жасалған жүйесі арқасында жүзеге асатын болады. Бұл интернет-ресурстарына кіру мен телевизиялық бағдарламалар танымалдылығын өлшеуде кең көлемдегі бағдарламалық және техникалық құралдың ендірілуін қажет етеді.

Үшінші «Мемлекеттің қызметін ақпараттық сүйемелдеу» бағыты келесі жетістіктер жолын қарастырады:

- азаматтарға ақпараттардың шынайы және дер кезінде, толыққанды берілуін қамтамасыз ету (бірыңғай PR-стратегиясын жасау);
- мемлекеттің стратегиясын анықтаушы бірыңғай басқарушы орталықты бөлу арқылы, ұйымдар және жекешеленген мемлекеттік органдар функциясы мен өкілеттілігі, жауапкершілігі саласын нақты ажырату арқылы ақпараттық кеңістікпен басқару механизмін қайта қарау (PR-қызметін институтшылдықтау, шапшаңдықты жоғарылату, мемлекеттік тапсырыс құрылымын интернетке басымдылық бере отырып қайта қарау, ақпараттар сапасын жақсарту, мемлекеттік емес қызметтің ақпараттары мен жаңалықтарын анықтауды дамыту);
- толыққанды ақпараттық-сараптамалық қолдау (ақпараттық жолақтар сараптамасы мен мониторингін өткізу, шетелдік тәжірибені зерттеу және бейімдеу, ақпараттық қажеттілікті анықтау үшін әлеуметтік зерттеу, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге методологиялық қамтамасыз ету).

Бұл айтылған бағыттағы нәтижеге қол жеткізу мақсатына да отандық мемлекеттік құрылымдарды заманауи құрылғылармен жабдықтау, ақпараттарды жинау құралдары мен ұзақ мерзімге сақтау, аудио-, бейнемәліметтерді жаңа технологиялар және басқа да материалдық-техникалық базаларды қолдана отырып мәтінді өңдеу жүйесі кіреді.

Бізді қызықтыратын сала Бағдарламасына әр бағыт бойынша мақсатты көрсеткіштер кіреді, бірақ онда қандай бағыттағы болмасын өзгеріс деңгейін анықтауға мүмкіндік бере алатын көрсеткіштердің бастапқы мағыналары жоқ. Бұдан басқа, негізгі мақсаттың алғашқы бағытында отандық БАҚ-тың сапасын арттыру тұр, бірақ мақсатты индикаторлар басым деңгейде жергілікті халықты ақпараттандыратын арналарды кеңейтуге тоғыстырылған. Ақпараттық өнімдермен халықтың қанағаттандырылу үлесі индикаторының деңгейі 2017 жылы 64 %, 2020 жылы - 70 % болу керек деген ұғым онша түсінікті емес. Бағдарлама қандай пайыздың оңтайлы екенін айқындамайды. Соңғы мемлекеттік БАҚ-пен тартылатын, жарнамалық құралдар көлемін ұлғайту 2020 жылы - 50 %-ға деген мақсатты индикатор, отандық БАҚ сапасымен өте жанама байланысты және көбіне экономикалық ықпал ету факторына ие, мысалға айтсақ, жарнаманы дамыту нарығы, экономиканың жалпы жағдайы.

Екінші ақпараттық контентті ынталандыру саласындағы бағыт көбірек деңгейде басты мақсатпен – отандық ақпараттық кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етумен байланысты. Дегенмен де, кейбір көрсеткіштерге қол жеткізу қиын, себебі шетелдердің он-лайн сервистері мен әлеуметтік желілері технологиялары жоғары дамыған. Сонымен, жоспар бойынша қазақстандық және шетелдік трафик көлемі қатынасының индикаторы 2020 жылы -1:1 көрсеткішіне жету керек . 100 интернет-қолданушыларына 1 дербес интернет-блогері болу индикаторы түсініксіз, сонымен қатар саны 2020 жылы 20 бірлікке дейін жеткізілетін отандық сериалдар түсірілімдері мен ақпараттық контент арасындағы байланыс та түсініксіз. Осы жайттарға байланысты, мемлекеттік орган Комитет тұрғысында блогерлерге және телесериалдарға продюсерлік етіп, осы іспеттес көрсеткіштерді өз қызметтеріне ендірулері тиіс пе? – деген сұрақ туындайды.

3 Кесте. Бағдарламаның мақсатты индикаторы

№№	Көрсеткіш	Индикатор
Отандық БАҚ-ты жетілдіру		
1	ұлттық спутниктік желі абоненттерінің саны	2020 жылы 500 мың. абоненттер
2	елдің барлық аймақтарында қол жетімді, отандық телеарналар	2017 жылы 45
3	қазақстандық телевизиялық арналар географиясын кеңейту	2017 жылы 100, 2020 жылы – 110-ға дейін шет елдер
4	Интернеттегі электрондық және баспалық БАҚ –тың ұсынылуы	2017 жылы 70 %, 2020 жылы - 95 %

5	Интернет арқылы қол жетімді, БАҚ	2017 жылы 50 %, 2020 жылы - 80 %
6	отандық БАҚ есебінен негізгі ақпараттық тұтынымын қанағаттандыратын, халықтың бөлшегі (әлеуметтік зерттеулер мәліметінен)	2017 жылы 64 %, 2020 жылы - 70 %
7	мемлекеттік БАҚ-пен тартылатын, жарнамалық құралдар көлемін ұлғайту	2017 жылы 35 %-ға, 2020 жылы - 50 %-ға (2012 жылға салыстырғанда).
Отандық ақпараттық контентті өндіруге ынталандыру		
1	отандық шығарылымдағы телеөнімдер көлемі -	2017 жылы эфир уақытынан 53%, 2020 жылы - 60%
2	отандық жалға берудегі деректі фильмдер саны	2017 жылы 8 %, 2020 жылы -10 %
3	Интернет-трафик көлемінің ішкі және сыртқы қатынасы	2017 жылы 0,7:1, 2020 жылы -1:1
4	«.kz» және «.қаз» доменіндегі интернет-ресурстар санының өсімі	2017 жылы 35 %, 2020 жылы - 50 %
5	ортақ қаржыландыру жағдайымен жекеменшік телеарналар арасында тапсырысты орналастыру тәсілімен телевизиялық өнімдер өндірісі көлемі	2017 жылы 10 жобадан кем емес, 2020 жылы – 15 кем емес
6	қазақстандық интернет-ресурстарға кірудің орташа көрсеткішін көтеру	2017 жылы 40 %-ға, 2020 жылы -50 %-ға
7	қазақстандық блогосфера көлемі -	2017 жылы 100 интернет-қолданушыларына 1 дербес интернет-блог, 2020 жылы 100 интернет- қолданушыларына 2 дербес интернет-блог
8	отандық телехикаялардың жылдық түсірілімі	2017 жылы 10 кем емес, 2020 жылы – 20 кем емес
9	аутсорсинг өндірісіндегілерді мемлекеттік телеарналарда беру	2017 жылы 50 % контент, 2020 жылы - 60 %
Мемлекет қызметін ақпараттық сүйемелдеу		
1	мемлекет қызметінің маңызды және басты әлеуметтік бағыттары туралы халықтың ақпараттандырылу деңгейі (әлеуметтік сауалнама нәтижесі бойынша)	2017 жылы 65 %, 2020 жылы -75 %
2	тиісті кәсіби мамандығы бар, ұлттық компаниялар мен мемлекеттік органдардың баспасөз қызметі жұмысшыларының үлесі	2017 жылы 100 %

Үшінші бағыт - мемлекет қызметін ақпараттық сүйемелдеу екі индикатор арқасында бағаланатын болады. Бірі, әлеуметтік сауалнама нәтижесімен байланысты - мемлекет қызметінің маңызды және басты әлеуметтік бағыттары туралы халықтың ақпараттандырылу деңгейі (100 нақты қадам, 5 институционалдық реформа, Қазақстан-2050 және басқа да мемлекеттік бастамалар). Бағдарламаны жасаушының ағымдағы жағдай көрсеткішін келтірмеуінен басқа, тағы сандық көрсеткішіне 2017 жылы 65 %, 2020 жылы -75 %-ға халықтың ақпараттандырылу үлесі алынғанына түсінік берілмеген. Халықтың ақпараттандырылуының талдап тексерілуі мен деңгейі айқын емес. Мысалы, басқа әлеуметтік зерттеулер тәжірибесінде сұхбат берушілер әдетте қандай бір бағдарламаның бары жайлы нақты жауап бере алады, бірақ оның қашан қабылданғаны, қанша уақыттан бері жұмыс жасап жатқаны, қандай бір мемлекеттік бағдарламаның алға қойған мақсат, тілегі жайлы нақты жауап бере алмайды. Аталмыш бағыттың екінші индикаторы тиісті кәсіби мамандығы бар, ұлттық компаниялар мен мемлекеттік органдардың баспасөз қызметі жұмысшыларының үлесін 2017 жылы 100 % жеткізу мақсатын қояды. Бұл жайында айтарымыз, тиісті кәсіби мамандық (журналистика немесе басқалары) баспасөз қызметіне тиімділікті қамтамасыз ететін сыншыл фактор болып табылмайды. Ондай талап терең салалық білімді қажет ететін мемлекеттік органдар мен компаниялар қызметкерлеріне қойылуы дұрыс болар.

4 Кесте. Бағдарламаны іске асыру Жоспарының Іс-шарасы, 2013-2017 жж., мың.теңге

№№	Іс-шара	Бағасы
Отандық БАҚ-ты жетілдіру:		
238	<u>Спутниктік</u> ресурсты жалдау және спутниктік телерадиохабартарату желілері мен сандық эфирлік, аналогтік мемлекеттік емес және мемлекеттік телерадиоарналарында тарату (<u>031 бюджеттік бағдарлама қаржысы есебінен</u>)	21 583 350
239	Қазақстан Республикасында эфирлік сандық хабар таратуды өндіру (<u>031 бюджеттік бағдарлама қаржысы есебінен</u>)	48 521 367
240	Қазақстанның медиа қауымдастығы өкілдерінің халықаралық көрмелер, форумдар, конференциялар мен байқауларға белсенді қатысуларын қамтамасыз ету	талап етілмейді
241	Интернет желісінде ақпараттық саясатты өткізу үшін әрекет етуші саны көлеміндегі мамандандырылған интернет-редакцияларды бөлу мақсатында мемлекеттік БАҚ-тың штаттағы кестесін және құрылымдарын қайта қарастыру	талап етілмейді
242	Баспалық БАҚ-тың интернетке өтуі	292 909
243	Мемлекеттік БАҚ-тың жұмыс істеуінің және оның интернет-ресурстары мен басқа планшеттік компьютерлері, смартфондар, ноутбуктер экрандарында жайлы қабылданып, қол жетімді әрі көзартарлықтарын көтеру үшін жаңа тұжырымдамасын жасау.	талап етілмейді
244	Мемлекеттік тапсырыс құрылымдарын қайта қарастыру бойынша мәселесін анықтау	талап етілмейді
Отандық кеңістіктегі өндірісті ынталандыру		
245	Интернеттің әлеуметтік-саяси ықпалын сараптамалау бойынша талдамалы зерттемесін өткізу	385 313
246	Жекеменшік контент өндірушілеріне ақпараттық қауіпсіздік ережелерін сақтау есебімен мемлекеттік телевизиялық студияларды жалға беру	талап етілмейді
247	БАҚ саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша, соның ішінде отандық ақпараттық контентті дамыту үшін басқа пұрсаттылықтар және салық саласындағы ұсынымдарды әзірлеу	талап етілмейді
248	«Қазмедиа орталығы» негізінде мемлекеттік телеарналардың алтын қоры сандық мұрағатын құру	талап етілмейді
249	«Қазмедиа орталығы» телерадиокешені төңірегінде өндірістік инфрақұрылымды дамыту, соның ішінде мультимедийалық өнімдер орталығын құру бойынша мәселесін зерттеу	талап етілмейді
250	<i>Сериялдар, деректі драмалар, ток-шоу, ақпараттық және ойын-сауық бағдарламаларын өндіру, соның ішінде мемлекеттік тапсырма арқылы болмаса ортақ қаржыландыру жағдайында продакшн-студиялар және жекеменшік телеарналармен бірлесіп өндіріс құру</i>	<i>031 бюджеттік бағдарлама</i>
Мемлекеттің қызметін ақпараттық сүйемелдеу		
251	ТЭН бойынша ұлттық ақпараттық кеңістіктің автоматтандырылған мемлекеттік жүйесінің мониторингін құру.	талап етілмейді
252	радиотыңдаушылар мен телекөрсеткіштер талабын анықтау мақсатында әлеуметтік медиа-өлшемдер жүргізу	талап етілмейді
253	Интернет желілеріндегі ерекше ресми ақпараттар көлемін ұлғайту	талап етілмейді
254	міндетті теле-, радиоарналар мен еркін қол жетімділіктегі теле-, радиоарналар тізімін құру және таратуды қамтамасыз ету	талап етілмейді
255	мемлекеттік ақпараттық саясатты өткізу мәселесінде тәсілдемелік қамтамасыз ету	бюджеттік бағдарлама
256	жалпыұлттық маңыздағы жобалар және мемлекеттік бағдарламаларды	талап

сүйемелдеу бойынша бірыңғай ақпараттық жұмыс жобасын жасау	етілмейді
--	-----------

Сонымен, Бағдарламаның мақсатты индикаторлары келтірілген үш бағыт бойынша Бағдарламаның негізгі мақсаттарына неғұрлым тиімді жету үшін қойылуы мүмкін – отандық БАҚ жұмысының сапасын көтеру; отандық ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету; және мемлекет қызметін жылжыту және тарату бойынша мемлекеттік органдардың жауапкершіліктері мен үйлестіру жүйелерін жетілдіру талаптарына толық түрде жауап бермейді.

Бағдарламаны іске асыру үшін шара Жоспарын қарастыру тек 18-ің 6-ы бойынша қаржыландыруды қарастырады, қалған шаралар БААК бекітуі бойынша қаржыландыруды қажет етпейді. Мұнымен қоса, мысалы, «БАҚ өкілдерінің халықаралық көрмелер мен форумдарына белсенді қатысуын қамтамасыз ету...» шарасын жүргізуді қалай іске асыру мүмкін болары түсініксіз. Шараның негізгі қаржыландырылуы «Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу» 031 бюджеттік бабы бойынша («Мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру» бөлімін қарңыз) қаралады.

Бағдарламада қазіргі сәтте белсенді тәжірибеленіп жүрген мемлекеттік тапсырыс арқылы ақпараттық саясатты іске асыру тікелей көрсетілмейді. Десек те, шараның Жоспарында мемлекеттік тапсырманың механизмі 18 шараның бірінде ғана көрсетіледі.

Мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру

Әр түрлі салаларды мемлекет бюджеті тарапынан қаржыландыру маңызды мағынағы ие. Отандық БАҚ қолдауы және өз түпнұсқалық ақпараттық контент айрықша болып табылмайды. ЭЫДҰ елдерінде үкімет тарапынан бұқаралық ақпарат құралдарын жанама және тікелей қолдау жұмыстары белсенді жүргізіледі. Дегенмен Қазақстандағы ұлттық БАҚ-ты қолдаудың айтарлықтай ерекшелігі, тікелей қолдаудағы мемлекеттік тапсырыстың берілуі, ал батыс елдерінде көбіне медиа нарықты дамытуға қатысты саясаттық және тиімді заңнамалықты қамтамасыз ету, өздігінен реттеу мақсатында бәсекелестік ортаны қалыптастыру жағдайын жасайды.

Бұл бөлімде біз осы қаржыландыру сипатының қандай екенін, бұл саладағы саяси және стратегиялық құжаттар қаржыландырумен қаншалықты бекітілгенін саралап, сонымен қатар отандық БАҚ –тың бәсекеге қабілеттілігі мен тиянақтылығын қолдау шаралары бар ма деген мәселенің қаржылық жағын қарастырамыз.

Республикалық бюджет ұлттық деңгейдегі ақпараттық саясатты жүзеге асыру туралы түсінікті береді. Қол жетімді мәліметтердің талап деңгейі бұдан да жақсы болуын қалағанымызбен, жалпы даму қозғалысы мен қандай да бір мемлекеттік саясатты іске асыру саласынан айқын үрдісті көруге болады. Бұл зерттеуде біз республикалық бюджет шығысының жоспарлы болжамы көрсетілген, 2012 –ден 2017-ші жылдар аралығын қамтып отырмыз.

2013 жылды қоса алғандағы мерзімде мемлекеттік ақпараттық саясат бойынша шығындар, 2014 жылы мәдениет және спорт Министрлігіндегі түрлендірілген мәдениет және ақпарат Министрлігіне бекітілді.

Республикалық бюджетке сәйкес ақпараттық саясат саласындағы қызметті жүзеге асырушы негізгі мемлекеттік орталық органдар болып Инвестициялар және даму министрлігі (Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті), сыртқы істер Министрлігі, заң Министрлігі, Президент ісі Басқармасы және ұлттық экономика Министрлігі, анықталды. Әр бір мемлекеттік органдардың өзінің бағдарламалық, стратегиялық бағыттарындағы қызметтерінде жетістікке жетуде белгілі бір мақсаттары болады.

Сонымен, сыртқы істер Министрлігі «Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер» I бөлімі бойынша ақпараттық-беделдік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз етуге 2014 жылдан 3,5 млрд.теңге көлеміндегі қаржыны қолданады, ағымдағы жылдың шығысы 2,8 млрд.теңге және келесі екі жылда да осы сома жұмсалатын болады.

Заң Министрлігі «Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, соттық, қылмыстық-атқарушылық қызмет» республикалық бюджетінің III бөлім шеңберінде қаржыны құқықтық насихатқа жұмсайды. 2012 жылы министрліктен бөлінген қаржы 80 млн.теңгеге жуық қаржыны құрады, бір жылдан кейін бұл сома алты есеге дерлік, 477 млн.теңгеге өсті және 2015-2017 жж. мерзімінде осы деңгейге жуық мөлшерде қалмақ.

«Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік» VIII бөлімі бойынша мәдениет және спорт Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің ағымдағы жобасымен тоғысатын өз бағыттары бойынша айтарлықтай қаржыны шығындайды. Мұндай жобаларға – ұлттық фильмдер өндірісі (2015 ж. 6,7 млрд.теңге) және электронды құжаттардың біріңғай ақпараттық мұрағаты жүйесін құруды жатқызуға болады (2016 ж. 600 млн. теңге).

ҚР Президенті іс Басқармасы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге қаржы VIII бөлімі шеңберінде 2015 жылы 445 млн.теңге, және келесі екі жылға 365 млн.теңге көлеміндегі шығысты жоспарлап отыр.


Ұлттық экономика Министрлігі «Басқа да» XIII бөлігі шеңберінде кәсіпкерлерді ақпаратпен қамтамасыз етуге -2015 жылы 580 млн.теңге бөлуде және келесі екі жылға да осы көлемдегі қаржы бөлінеді.

Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат саласындағы қызметін жүзеге асыратын негізгі мемлекеттік мекеме болып табылады. Министрліктің шығыны республикалық бюджетте көрсетілген бөлімдер арасында бөлінетін болады. Мысалы, жоғары деңгейдегі домендік атаулар серверлерінің қабылдамауға тұрақтылығын қамтамасыз ету жағындағы ақпараттық-коммуникациялық мониторингінің ақпараттық жүйесін құру «Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер» I бөлімінің ішіне енгізіліп және 2016 жылы 202 млн. теңгеге орындалады. Министрліктің «Көлік және коммуникациялар» XII бөлігіндегі шығыстар, жылына 230 млн. теңге көлемінде ақпараттық-коммуникациялық желілер мониторингі жүйесін сүйемелдеуге бағытталады.

Дегенмен бұған дейін айтып өткен «Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік» VIII бөлімі бойынша министрліктің неғұрлым айтарлықтай шығыны ағымдағы 2015 ж. жалпы алғанда 43 млрд теңгені құрап, ал келесі екі жылда 44,1 млрд теңгені құрауы қажет. Негізгі шығындар бабы тек үшеу – «мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу» - 42,9 млрд.теңге, «ақпарат саласындағы қызметті ынталандыру» - 8 млн.теңге, және «Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру» - 2015 жылы 219 млн.теңгеге.

3 Кесте

Республикалық бюджеттен ақпараттық саясатқа шығыс, 2012-2017 жж., млрд. теңгемен




Дереккөз: «Республикалық бюджет туралы» Заң

Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің жауапкершілігі саласының ішіне халыққа қызмет көрсету орталығы (мобильдік, арнайы, тұрақты), пошталық, мобильдік, бекітілген байланыстан бастап және электрондық және мобильдік үкімет, бұқаралық ақпараттық қызметке дейінгі көптеген мәселелер кіреді. Дегенмен де, бюджеттік шығыстарды зерттеу ағымдағы жылы өкілетті органдармен басымдыққа ие және неғұрлым маңызды болып табылатын қандай шығыстарға маңызды мән беру қажеттігін анықтайды. Сонымен, БААК бюджетінде 2015 жылға жартысына жуығына дерлік (49%) бюджет мемлекеттік ақпараттық саясатты өткізуге кетеді - 42,9 млрд.теңге; ҚҚО қызметін ұйымдастыруға 20% Комитет бюджетінен немесе -16,9 млрд.теңге; ведомстваралық ақпараттық жүйені жүзеге асыруды қамтамасыз етуге 11% немесе 9,9 млрд.теңге. Кестеден көретініміздей, Комитет бірінші жеті бапқа өз бюджетінен 95% шығындайды, және негізгі бап отандық БАҚ-ты қолдау бойынша қызмет бағыты болып табылады.

4 Кесте.

2015 ж. Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің бюджеті, %-пен



Дереккөз: ҚР ИДМ Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің ресми сайтынан


Бюджеттің айтарлықтай шығысына қарамастан, Бағдарламаны жүзеге асыру кезінде және 2013 жылдың шаралар Жоспарына енгізілген істер көп өзгере қоймаған. Республикалық бюджет екі жыл ішіндегі іске асыру барысында «Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу» бюджеттік 031 бабын, бұл бап «Ақпараттық Қазақстан -2020» Мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген кейбір алғы позициялармен оңай қиыса қоймаса да, ұстанып келеді.

Әр түрлі БАҚ категорияларына бөлінген қаржыны көрсететін кестелік материалдан, «басқа/өзге» категориясынан басқа, барлық БАҚ категорияларының өсімі айқын көрінеді.


БАҚ категориясы бойынша барлық шығындар үлесі теледидар/радиоға келеді – салыстырмалы түрде айтқанда барлық шығындардың үштен екісі, және 2014 жылы 35 млрд теңгеге жуық. Аталмыш категория бойынша айтарлықтай шығыс теледидар саласындағы неғұрлым жоғары жалақы және хабар тарату, радио және телекомпаниялардың жаңартылуы, құрылғыларға кететін шығындардың жоғары бағасына байланысты түсіндіріледі. Баспалық баспасөздің айтарлықтай қатысуына қарамастан – газет және журналдар - олардың үлесіне ақпараттық кеңістікке бөлінген қаржының 2014 жылы 11% немесе 6,2 млрд теңгесі тиген. Медиалық интернет сектор 2013 –тен 2014 –ке дейінгі жылдарда ең маңызды өсімді жылдарды көрсетті – екі еседен жоғары, 1,4-тен 2,88 млрд теңгеге дейін.

5,6 Кестелер

БАҚ-қа кететін шығын көлемі, 2014 ж., %-пен



Қаражатты секторлар бойынша ақпараттық кеңістікте бөлу, 2013-2014 жж., млрд.теңге




Дереккөз: «Құқықтық медиа-орталық» ҚҚ зерттеуінен

Аймақтардағы ақпараттық кеңістікті құруға 2013-2014 жж. мерзіміне бөлінген қаражат мәліметі келесі кестеде көрсетілген. Барлық аймақтарда ақпараттық кеңістік шығынының сомасы өскенін көреміз. Бөлінген қаржы бойынша аймақтар арасынан үздік шығатыны Астана - 903 млн.теңге, Алматы – 860 млн.теңге және Қызылорда облысы – 651 млн.теңге.

7 Кесте

Аймақтарда ақпараттық кеңістік құруға бөлінген қаржы, 2013-2014 жж., млн. теңгемен




Дереккөз: «Құқықтық медиа-орталық» ҚҚ зерттеуінен

Ең аз көлемдегі шығыс Батыс-Қазақстан және Ақтөбе облыстарына - 282 млн.теңге және Қостанай облысына – 313 млн.теңгеге келеді.

Аймақтың экономикалық даму (жалпы аймақтық өнім, ЖАӨ) деңгейінен ақпараттық кеңістіктің шығыны қаншалықты байланысты деген мақсатта қарар болсақ, онда бірінші орыннан Жамбыл облысын көреміз. Бұл облыста ақпараттық кеңістікке шығатын шығыс ЖАӨ деңгейінен 0,1% құрайды, одан кейін Қызылорда облысы - 0,07% орналасады. Егер ақпараттық кеңістікке ЖІӨ-ге (жалпы ішкі өнім) қатысты зреспубликалық бюджет шығысын қарастыратын болсақ, олар 0,15% жоғарысын құрайды. Ең аз шығысы Атырау және Ақтөбе облыстарына, сонымен қатар Алматы қаласына келеді. Айтылып өткен аймақтардың ЖАӨ басым деңгейімен байланысты, салыстырмалы шығыс көрсеткішінің үлесі қомақты емес.

8 Кесте

Ақпараттық кеңістікке жалпы аймақтық өнімнен шығатын шығындар үлесі, 2014 ж., %-пен




Дереккөз: «Құқықтық медиа-орталық» ҚҚ зерттеуінен

Ең қызықты мәліметті Қазақстан аймақтары мен БААК, орталық органдар бюджетінен бөлінген ақпараттық кеңістіктегі жекешеленген шығыстардан көреміз.

9 Кесте

Ақпараттық кеңістікке шығатын шығындар, 2014, теңге



Дереккөз: «Құқықтық медиа-орталық» ҚҚ зерттеуінен

Ең үлкен шығыс Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетімен жүргізіледі, ақпараттық кеңістікте республиканың барлық тұрғындары басына қайта есептеумен 2,354 теңгеден болады, аймақтардан көшбасшы Астана болып шықты - азаматтарды ақпараттандыруға адам басына жылына 1,200 теңге жұмсалады, одан кейін Атырау облысы – бір адамға 977 теңге. Ақпараттық кеңістіктегі халық басына ең аз шығыс 232 теңге (ОҚО). Жалпы алғанда аймақтардың жарым бөлігінде адам басына

шаққандағы шығыс 500 теңгеден келеді. Бұл көрсеткіш, мемлекеттік органдар қызметтерінің іске асырған жоспарлары мен саясаты жайлы ақпарат алуға республикалық бюджет және жергілікті бюджеттер есебінен адам басына қанша шығыс жұмсалатынының дәлелі.

Қорытынды

Қазақстандағы ақпараттық саясат орталық және жергілікті органдар тарапынан тікелей тапсырыс арқылы іске асырылады. Белгілі болғандай, мемлекеттік ақпараттық саясат халықты мемлекеттік органдар қызметі және басты мемлекеттік бастамалар, бағдарламалар мен жоспарлардың іске асырылуынан хабардар етіп отыруды мақсат етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау бөлінген қаржы арқасында, біртіндеп жүргізіліп келеді. Дегенмен де, 2013 жылы жасалған «Ақпараттық Қазақстан -2020» Мемлекеттік бағдарламасы, БАҚ саласын дамытуда кең көлемді негізгі үш бағытты құрайды – отандық БАҚ-ты жаңғырту, отандық ақпараттық контент өндірісін ынталандыру, мемлекеттің қызметін ақпараттық сүйемелдеу. Қазіргі таңда БАҚ-ты қолдау жолы мен БАҚ-ты қаржыландыру саласындағы жағдай өзгермеген деп басып айтуға болады.

БАҚ туралы мәліметтер, электрондықтардан (телеарналар, журналдар, газеттер, информагенттіктер) басқасының, БАҚ-тың барлық категориялары бойынша қысқарғанын дәлелдейді. Баспалық БАҚ (газеттер мен журналдар) мемлекет бюджетінен қаржыландырудың өз үлестеріне тек 11% ғана тиесілі болғанына қарамастан, Қазақстандағы тіркелген БАҚ-тың жалпы алғандағы үштен екісін (66%) құрайды. Сонымен бірге телеарналар мен радиостанциялар үлесіне мемлекеттік қаржыландырудың үштен екісі келеді. Мемлекет ақпараттық кеңістікте айтарлықтай электрондық («Қазақстан» РТРК» АҚ және «Хабар» Агенттігі» АҚ және баспалық БАҚ-пен (барлық тіркелгендердің 26%) берілген.

Мемлекеттік саясат пен стратегиялық құжаттарды қарастыруға қайта орала отырып назарды Мемлекеттік бағдарламаны жасаушы және орындаушы - Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетіне – БАҚ саласы дамуын толық көрсете алмайтын, таңдалып алынған шектеулі мақсатты индикаторларға аударамыз. Мақсатты индикаторлардың негізінде Комитет қызметі мен таңдалып алынған көрсеткіштің арасында нақты байланыс жатуы тиіс. Мысалы, Комитет жұмысы мен интернет желісін қолданушылары санының жетістіктері арасындағы өзара байланысты 2020 жылы 75% дәлелдеу қиын.

Десек те, көрсетілген үш бағыт бойынша Мемлекеттік бағдарлама айтарлықтай нақты жасалған және шын мәнінде БАҚ-ты қолдау саласындағы жағдайды сапалы өзгеруге, оның бәсекеге қабілеттілігін көтеру және қазақстандық контентін дамытуға мақсат қойған. Бірақ шаралар Жоспары мемлекеттік жоспарлаудың ескі «кескінімен» жасалған және шараның 18 тармағының 12-де «сомасы» бағанында – «қаржыландыру талап етілмейді» деген түсіндірмесі бар. Мұнымен қоса, мемлекеттік органның түсінігінде БАҚ өкілдерінің шетелдік конференциялар мен форумдарға, сонымен қатар басқа да шараларға қатысуы және қаржыландырулары талап етілмейді. Қалған шараның 6 тармағында «Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу» бюджеттік 031 бабы бойынша қаржыландырудың сілтемесі бар.

Ақпараттық кеңістікті Мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру 2012 – 2015 жж. аралығында жыл сайын өсіп отырған. Халықты қандай да бір мәліметпен ақпараттандырудың белгілі бір коспоненттерімен тек Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (2014 жылғы қыркүйектегі, Министрліктерді қайта құрудан кейін) ғана емес, сонымен қатар сыртқы істер, заң, ұлттық экономика Министрлігі, президент ісі Басқармасы мен басқалары іске асыра алады.

Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі 2015 жылғы барлық БААК шығыстарының жартысы 49,2 млрд.теңге сомасын құрайды. Негізгі бөлігі теледидар және радиоға (66%) тиесілі болса, баспалық баспасөзге тек (11%) бөлінеді.

Аймақтық бөлімдерде ақпараттық кеңістіктегі негізгі шығыстар Астана мен Алматы қалалары және Қызылорда облысына келеді – сәйкесінше 903, 860 және 651 млн.теңге. Берілген сомалардың мәнін тереңірек түсіндіру мақсатында салыстырмалы мәліметтер (ЖАӨ және адам басына) келтірілді.

Салыстырмалы түрде Жамбыл және Қызылорда облыстарында ақпараттық кеңістікті құруға ең көп шығыс жұмсалады - 0,1% және 0,07% бұл аймақтардың басқалармен салыстырғандағы айтарлықтай дерлік шағын жетістіктің өзінде. Халық басына шаққандағы шығыс көрсеткіші бойынша орталық өкілетті орган көш бастап тұр – республика деңгейінде ақпараттық кеңістікке қаржыландыру елдің әр тұрғынына қайта есептегенде 2354 теңгеден келеді, аймақтардан Астана жоғарғы көрсеткіште (әр адамға 1200 теңге), Атырау (977) және тағы да Қызылорда облысы (900 теңге). Әлбетте, жергілікті орындаушы органдар өз қызметтері жайлы оң ақпараттық хабар таратуға көбірек мүдделі болған сайын, соғұрлым БАҚ-қа бюджеттен шығыс та көп шығады.

Мұнымен қоса тіпті бекітілген «Ақпараттық Қазақстан - 2020» Мемлекеттік бағдарламасынан ерекшеленетін, БАҚ-ты қолдаудың ұлттық саясатын жалғастырудағы күрделі сәттер мен келесі тәуекелдіктер белгіленеді:

- Баспаның редакциялық саясатын шектеу
- Таңдау үрдісі мен қаржыландыруды ұсыну толық түрде ашық және анық емес, өлшем айқын емес
- стратегиялық талаптар мен мақсаттар жоспарының және мәдениет және спорт Министрлігі қызметтері нәтижелері, елдер стратегиялық құжаттары арасында нақты байланыс байқалмайды
- сыртқы және ішкі факторлар негізінде жасалған, елдегі медиалық кеңістікті дамыту бойынша нақты әрі айқын саясат жоқ
- Қандай да болмасын тапсырыстың өткізім сапасы және тиімділігі, орналастыруы мен нәтижесі қадағаланбайды

Ұсынымдар

Қазақстанның Премьер-Министрі Карим Масимов 2015 жылдың 20 тамызында, «сөзсіз түрде Үкіметтің ақпараттық саясатына өзгертілер енгізіледі. Азаматтар мемлекеттік органдардың немен айланысатынын білулері қажет және білуге құқылы, және біз де қандай да болмасын мәселе жөнінде екіұшты ой туындамауы, бұрмалаулар орын алмауы үшін, жедел жеткізуіміз қажет» деп атап айтты. Осыған байланысты жүргізілген зерттеулер және оның негізінде дайындалған ұсынымдар өзекті әрі дәл уақытына сай жасалған болып табылады.

Ұсынымдар мемлекеттік органдар мен БАҚ арасындағы қатынас секторындағы бүгінгі сәттегі анықталған шақырулар және тәуекелдіктердің келеңсіз әсерлерін көрсету, сонымен қоса «Ақпараттық Қазақстан - 2020» Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында жасалды. Берілген ұсынымдар мемлекеттік емес ұйымдар және жұртшылықпен байланыс бойынша мемлекеттік органдар қызметкерлері мен БАҚ тарапынан мамандандырылған қауымдастық, мемлекеттік органдар, басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА:

- БАҚ-ты мемлекеттік қолдау саласындағы жағдайды бағалау және мониторингін жалғастыру;
- БАҚ және басқа да мүдделі тараптар, мемлекеттік органдар өкілдерімен өзара қатынасты жүзеге асыру.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА:

- Мемлекеттік тапсырыс алушылар оның іске асырылуы жайлы есепті жыл сайын жариялап тұрулары қажет. Есеп көпшілікке айқын сипатта болуы тиіс.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА:

- Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті: _____ :

- Мемлекеттік ақпараттық саясатты өткізу және БАҚ қызметін қаржыландыру, мақсатты индикаторларға жету, Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру нәтижелері бойынша жылдық есепті дайындау;
 - «Ақпараттық Қазақстан - 2020» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жоспарында «қаржыландыруды талап етпейді» деген тұста, кейбір мұндай тармақтардың қаржылық негізге тиістілігін екере отырып, көңіл аудару;
 - Бюджетті құру барысында ықпалды қайта қарастыру, себебі «Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу» бюджеттік 031 бабы, БАҚ-ты қолдау, қаржыландыруда басқа жолды қарастыратындықтан, қолданыстағы Мемлекеттік бағдарламамен нақты байланыста емес;
 - Қаржыландыру тек БААК қызметі бағыты бойынша іске асырылуы қажет: отандық БАҚ-ты жаңғырту, отандық ақпараттық контент өндірісін ынталандыру, мемлекет қызметін ақпараттық сүйемелдеу, мұнымен қоса соңғысы мемлекеттік органдардың PR-қызметіне бағытталуы тиіс;
 - Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес БАҚ-ты қаржыландыру барысында негізгі басымдылық, шетелдегі тілшілер қосынына қолдау көрсету, техникалық қамтамасыз ету, балаларға арналған ғылыми-танымдық бағдарламалар шығару, ерекше мүдделі жандарға инклюзии (субтитрлеу), сонымен қатар жанама қолдау көрсету – ауылдық жерлерге баспа өнімдерін жеткізуге қолдау, салықтық жеңілдіктерге басымдық беру;
 - БАҚ-ты жанама және тікелей қолдау, мемлекеттік тапсырыс және мемлекеттік жарнама мен басқалар сынды түсініктерді ендіріп және белгілеу қажет;
 - Мемлекеттік тапсырыс туралы құқықтық нормаларына қоғамдық мүдде, айқындық, есеп беру, кемсітпеу, тиімділік және мемлекеттік қаржыны дұрыс пайдалану сынды ережелер кіруі шарт;
 - Мемлекеттік тапсырысты алу тендерлері қоғам қайраткерлері және қоғамдық ұйымдардың маман өкілдерінің қатысуымен ашық та айқын өтуі тиіс;
 - Байқауға тапсырыс алу үшін тек тиісті медиалық қызмет көрсету үшін тіркелген әрі рұқсаты, заңмен бекітілген лицензиясы бар БАҚ, әсіресе теледидар және радио, сонымен қоса баспалық БАҚ кіре алады;
 - Мемлекеттік бағдарлама және шара Жоспарына өзгерістер енгізу (қажет болған жағдайда) және іске асыру қорытындыларын аралық талқылау мақсатында жұмысшы топты құру.
- **Мемлекеттік органдардың PR-қызметтеріне:**
 - Қызметтің маңызды мәселелері бойынша ай сайын брифинг өткізу;
 - Мақсатты көрсеткіштер жетістіктері (сапалық және сандық), бюджеттік шығыстар туралы ақпаратты қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қызметі туралы жылдық есепті жариялау;
 - Қоғамдық коммуникация бойынша кәсіптік мамандар ассоциациясын құру;
 - Кәсіптік ассоциациясының жыл сайынғы форумын өткізу;
 - Веб-беттеріні қызметтеріне қолдау көрсетіп және инфографика, брифингтер, баспасөз-релиздерін қоса алғандағы әр түрлі медиа материалдарын жасай отырып БАҚ-пен өзара тиімді қатынас жасау;
- Мемлекеттік қызметті ақпараттық сүйемелдеу - «Ақпараттық Қазақстан - 2020» Мемлекеттік бағдарламасының үшінші бағыты шеңберіндегі БААК-пен өзара тиімді қатынасты орнату.